

Бекітемін: *Асау*  
«Күншуақ» жекеменшік  
бөбекжай – бақшасының  
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

## **«Тіл-татулық тірегі»**

(Ересек, «Ер Төстік» тобының тілдер мерекесіне арналған іс-шара)



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б  
Ходжа-Ахметова К.

Таушық, 05.09.2025 ж.

**Тақырыбы:** «Тіл-татулық тірегі»

**Мақсаты:**

- Балаларды мемлекеттік тілге және басқа ұлт тілдеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- Қазақ тіліне деген сүйіспеншілікті арттыру;
- Тілдер мерекесін ойын арқылы қызықты өткізу.

**□ Квест барысы:**

**Тәрбиеші:**

Балалар құтты болсын тілің бүгін  
Ашатын жан сарайын білімдерінің  
Кешегі анаң айтқан, бабаң айтқан  
Тіліңе зер салыңдар бұрынғының.-дей бүгін яғни 5 қыркүйек «Тіл» мерекеміз  
құтты болсын. Бүгінгі тіл мерекесіне орай ұйымдастырылған «Тіл-татулықтың  
тірегі» тақырыбындағы квест ойынымызға қош келдіңіздер!

Тәуелсіздік тірегінің бірі – тіл. Тіл – халқымыздың қазынасы, сан ғасырлар  
бойы жүріп өткен жолымыздың шежірсі. Былайғы жерде егемендігіміз баянды  
болсын десек, ұлттық рухымызға өріс тілесек, туған тілімізді көздің  
қарашығындай сақтауымыз керек.

Сондықтан, әр адам өзінің ана тілін қорғай да, құрметтей де білуге міндетті.  
Ендеше ортамызға қатысушы топтарымызды шақырайық. Қарсы алыңыздар.

Қызыл түстегі топ-«Достық» тобы

Жасыл түстегі топ-«Шаттық» тобы

Сары түстегі топ-«Ынтымақ» тобы

Әр топтың өз ұрандарын тындайық.

**Балалар:** «Достық» тобы- Барлық тілде достасамыз,

Ән мен ойын ойнасамыз.

«Шаттық» тобы- Шаттықпеннен шаттанайық

Әрқашан алға аттанайық.

«Ынтымақ» тобы-Ынтымақ-біздің күніміз.

Бірлікте бар ісіміз.

**Тәрбиеші:** Қазақстан Республикасының әнұраны орындалсын.

**Әнұран**

**Тәрбиеші:** Ана тілің біліп қой,

Еркіндігің, теңдігің.

Ана тілің біліп қой,

Мақтанышың, елдігің.

Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте!

Балалар қарандаршы, бізге керемет карта келіпті, қазір ашып көрейік. Картада мәреге жететін жол көрсеткен, аялдаманың тапсырмаларын орындау арқылы мәреге жететін боламыз. Бізде картада 4 аялдама бар.

- 1) Аялдама: «Жұмбақ әлемі»
- 2) Аялдама «Мақалды жалғастыр»
- 3) Аялдама «Ертегінің әлемі»
- 4) Аялдама «Суреттер әлемі»

1) Аялдама: «Жұмбақ әлемі»

Шарты: жасырлыған жұмбақты табу

1. Таңмен көзін ашады,  
Әлемге нұрын шашады. (Күн)
2. Бірде тәтті, бірде ащы. (Тіл)
3. Қабат-қабат қаттама,  
Ақылың болса аттама. (Кітап)
4. Кішкентай ғана бойы бар,  
Айналдырып келген тоны бар. (Қошақан)
5. Суға батпайды,  
Отқа жанбайды. (Мұз)
6. Алыстан қарасам аппақ,  
Жеп қарасам тәтті ақ. (Секер)
7. Үй үстінде ұсақ тас. (Жұлдыз)
8. Бұрап қой, ан сағаттай,  
Айқайлайды таң атпай. (Әтеш)
9. Ұшады қонады,  
Гүлдердің қонағы. (Ара)
10. Ти десем тимейді,  
Тиме десем тимейді. (Ерін)

2) Аялдама «Мақалды жалғастыр»

Шарты: Айтылған мақалды жалғасын табу.

1. Тіл тас жарады, ..... (Тас жармаса, бас жарады)
2. Ана тілің-.....(Арың бұл)
3. Тілің бардың-..... (Елі бар)

### 3) Аялдама «Ертегінің әлемі»

Шарты: Ертегілердің қысқаша мазмұны айтылады, сол мазмұнға сай ертегінің атын табу.

1. Мақта қыз бен мысық.
2. Алтын сақа
3. Бауырсақ
4. Жеті лақ
5. Шалқан

### 4) Аялдама «Суреттер әлемі»

Шарты: Суреттердің бөліктері берілген, балалар сол бөліктерді құрап сурет құрау.

1. Кітап
2. Қарындаш
3. Ту

**Тәрбиеші:** Әркім тілін сүйеді,

Қадірлейді мұны біз

Қазақ тілі киелі

Мемлекеттік тіліміз- балалардың тапсырмаларды тапқырлықпен орындап мәреге жеткендеріңе рахмет. Ойларың ұшқыр болсын. Тіл мерекеміз құтты болсын.

Қортынды, Марапаттау.



